

## Қаулының күшін жою туралы

Түркістан облысы Түркістан қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 20 қыркүйектегі № 365 қаулысы

Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37-бабына, " Құқықтық актілер туралы" Заңының 65-бабының 3-тармағына сәйкес, қала әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Түркістан қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 20 ақпандағы №285 " Түркістан қаласының пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квоталар белгілеу туралы" қаулысының күші жойылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Б. Оразбековке жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қала әкімі*

*Н.Тұрашбеков*